

А.Ш. Муталиева, А.Е. Ботабаева, Г.У. Сейдәлі

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: mutalieva.ardak@mail.ru, ademi_e76@mail.ru, gulbibib_99@bk.ru)

Жоғары сынып оқушыларын болашақ отбасылық өмірге дайындаудағы әлеуметтік педагогикалық құндылықтар

Аңдатпа. Қоғамымызда жанұя құндылығы біршама қиындықтарды басынан өткізуде. Мысалы, моральдық тұрғыдағы құндылықтардың материалдық тұрғыдағы құндылықтарынан кемшілігі, жастардың отбасылық-некелік өмір туралы педагогикалық, психологиялық және физиологиялық дайындығының аз дәрежеде болуы, ата-ананың бала тәрбиесін деген психологиялық білімінің жетіспеуі. Қазіргі уақытта жанұя мәселесін қоғамның басқа институттарымен салыстырғанда, көптеген қиындықтарға қарамастан балаларды әлеуметтік құндылықтар мен рөлдерге баулитын бірден-бір институт болып саналады. Қоғамның тұрақты жағдайы және оның ішкі байланыстарының басымдылығы отбасы институтының жағдайына байланысты болмақ.

Жастарды бүгінгі мен ертеңі туралы ойланту, олардың өмірге деген дұрыс көзқарастарын қалыптастыру, болашақ отау иелері екеніне сезім ұялату, олардың өзін – өзі күтуі, қазіргі уақытқа сай білім алуы – бүгінгі күннің талабы. Жоғары сынып оқушыларына отбасының маңыздылығын түсіндіріп, отбасының әлеуметтік мәнін, әрекетін ұғындыру, некелік – отбасылық адекваттық олардың қалыптасуы, тура жолға бағыттап жөнсілтеу маңызды фактор. Мектепте, жоғары оқу орындарында және мектептен тыс мәдени мекемелер үйірмелерінде жастардың өзіндік педагогикалық сипатта болуын қадағалау, ақпараттар ағымынан керектіні алуға, ұлттық мәдениетіміздің құндылықтарын сақтап қалуға, инабатты, ибалы, сыпайы, адамгершілігі мол, эстетикалық талғамы бар, жаны да тәні де бірдей таза, барлық жағынан өнерлі де, іскерлі етіп жан – жақты рухани дамыту керек. Бұл мақалада орта мектеп оқушысының болашақ отбасы адамы ретінде өзінің жыныстық-рөлдік әрекетін игеруі, жоғары сынып оқушыларының неке мен отбасылық өмірге дайындығын мазмұнды-процедуралық дайындығы, оқушылардың отбасылық өмірге дайындығын қалыптастыруда отбасы мен мектептің бірлескен іс-әрекет мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: жоғары сынып оқушысы, отбасы, институт, неке, қоғам, жас ұрпақ, әлеуметтік құндылықтар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-137-4-254-264>

Кіріспе

Болашақ ұрпаққа тәрбие берудің бүгінгі заманғы әлеуметтік жағдайы Қазақстанның өскелең жастар бейнесін қалыптастыра отырып, қоғам өміріндегі тәрбиелік, мәдени

қалыптастырушы күш-жігерін айқындауды талап етеді. Жастар арасындағы зорлық-зомбылық, құқықтық нигилизм, әлеуметтік пассивтілік, қадағалаусыздық, девиантты мінез-құлық, есірткі, уытқұмарлық, контр-мәдениеттілік ұйымдардың әсері және т.б.

сияқты ұнамсыз үрдістердің өсуі баланың барлық даму жағдайын сауықтыру жөнінде кешенді әлеуметтік шаралар қабылдау қажеттігіне себепші болады.

Қазіргі тәрбиенің басты проблемаларының бірі қоғамның түрлі санаттағы балаларды дамыту үшін «мәдени арнаны» қамтамасыз ету. Бүгінгі тәрбиенің басты мәселелерінің бірі қоғамдағы сан қилы санаттағы және әлеуметтік құбылыс балаларды дамыту үшін «мәдени арнаны» қамтамасыз ету. Қазіргі заманның шындығы – жеке ұрпақтың дамып жетілуіне әсер етуші факторлар болып білім немесе көше, қоршаған ортасы мәдениет немесе контрмәдениет ықпалын тигізуде.

Сонымен тұлғаның, оның ішінде мектеп оқушыларының жоғары буындарын жаңұялық кезеңге дайын болуына психологиялық-педагогикалық тұрғыдан арттыру, олардың келешек өмірінде берік отбасы болуының негізгі нышаны болып табылады.

«Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт-жас күнде көрген өнеге» – деп Ж. Аймауытов атамыз айтқанындай, балаларымызға қашанда рухани құндылықтарды бойына дарытуымыз қажет. Бұл құндылық ең алдымен ата-ананың қолдауы арқылы жүзеге асырылатын қағида [1].

Барлық уақытта отбасы институты мәселесі өз еліміздегі саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайларға байланысты түрлі өзгерістерге ұшырап отырады. Өткен жүз жылдықтың ішінде, әсіресе соңғы бірнеше онжылдықта психологтар мен педагогтар зерттей келе, жағымсыз үрдістерді байқады: отбасылық дағдарыс және соның салдарынан отбасылық құндылықтар дағдарысы. Мемлекеттік әлеуметтік саясат дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сақтауға және отбасына барлық көмек көрсетуге бағытталғандығына қарамастан, жоғары сынып оқушыларының отбасылық өмірге дайын емес, әлеуметтік-педагогикалық проблемасы қазіргі білім беру жүйесінің басты тәрбиелік мәселелерінің бірі болып табылады, бұл кешегі жағдайға әкеледі. Жастар отбасылық өмірдің жауапкершілігін алуға дайын емес, бұл өз кезегіндегі ажырасулар, балалар үйі мен қарттар үйі санының артуына әсерін тигізіп отыр.

Жас ұрпақты отбасылық өмірге даярлау жоғары сынып оқушыларының отбасылық құндылықтардың үш негізгі тобын қалыптастыруды білдіреді:

1. Неке қатынастарына байланысты (некенің құндылығы, отбасындағы әртүрлі жыныстық рөлдер, ерлі-зайыптылар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынас, жұбайлардың өзара қолдауы мен түсінігі және т.б.);
2. Ата-ана тәрбиесіне байланысты (әке мен ана болу құндылығы, көп балалы отбасылар, ата-ана тәрбиесі және отбасындағы балаларды әлеуметтендіру және т.б.);
3. Туыстық қатынастарға байланысты (туыстарының болуы, олардың арасындағы қарым-қатынас және өзара көмек) [1].

Отбасы – кіші әлеуметтік топ, ал оның мүшелері некемен, қаны бір туыстығымен, тұрмыстық ортақтығымен және өзара адамгершілік жауапкершілікпен тығыз байланысты. Отбасы – қоғамның бастапқы қалашығы, қоғамның әлеуметтік құрылымының негізі болып ерекшеленеді.

Сонымен, М.К.Цебрикованың педагогикалық мұрасында біз отбасының рухани дағдарысынан шығудың жолын табуға көмектесетін шындықтарды табамыз: «Баланың өмірлік құрылымы отбасының қолында, отбасы балаларды ескірген идеалдарға апара алады немесе оларды өмірге келген мұраттарға көтере алады, және болашақ үшін барлығын жасай алады» [2].

Десек те балалардың бойына әлеуметтік тәжірибені, озық мінез-құлық үлгілерін және құндылықтарды сіңдіру әдістері олардың ерекшелігіне орай әртүрлі болып келеді.

Осыған орай, әлеуметтану ғылымы балаларды әлеуметтендіру үрдісін үш кезеңге бөліп қарастырады:

- Бастапқы әлеуметтену немесе баланың әлеуметтенуі;
- Аралық әлеуметтану немесе баланың, жасөспірімнің әлеуметтенуі;
- Орнықты немесе біржола әлеуметтену.

Бірінші кезең, негізінен, отбасында және балалар бақшасында тәрбиелену кезеңімен, екінші кезең 17-18 жасқа дейінгі орта мектептегі оқу-тәрбие кезеңімен сәйкес айқындала-

ды. Ал, үшіншісі жасөспірім шақтан ересек шаққа өту кезеңін, яғни 17-18-23-25 жас аралығын қамтиды. Бұдан кейін, әлеуметтенген, қалыптасып біткен адамның әрі қарай дамуы мен өмірге бейімделуі басталады [3].

Жоғары сынып оқушыларын жанұялық өмірге дайындау мектептің оқу-тәрбие үдерісінде әлеуметтік институт ретінде отбасының құндылық мазмұнын мектеп оқушыларының оқу және практикалық жұмыстарының әртүрлі түрлерінде ашып көрсету сияқты жағдайларды жүзеге асыруды;

- орта мектеп оқушысының болашақ отбасы адамы ретінде өзінің жыныстық-рөлдік әрекетін игеруі;

- жоғары сынып оқушыларының неке мен отбасылық өмірге дайындығын мазмұнды-процедуралық дайындық пен ішкі жақты қалыптастыру өзара байланысын қамтамасыз етуі;

- оқушылардың отбасылық өмірге дайындығын қалыптастыруда отбасы мен мектептің бірлескен күш-жігерін жүзеге асыру керек [4].

Жоғарғы мектеп кезеңі - бұл физикалық жетілудің бастапқы кезеңі және сонымен бірге жыныстық дамудың аяқталу сатысы. Мұның бәрі жоғары сынып оқушысының физикалық және психикалық өзгеріске дайындығын айқындайды. Ағзада физиологиялық үдерістердің жүруі белгілі бір жеке тұлғалық қасиеттердің дамуына әсерін тигізеді. Олардың тартымдылығын сезіну үрдісі - өзін-өзі жоғары бағалау, өзіне сенімділік; әлсіздікті сезіну, керісінше, өзін-өзі бағалаудың төмендігі.

Сонымен, барлық тұлғаның жетіліп дамуында отбасы маңызды рөл атқаратынын түсіне отырып, қоғамның қай кезеңінде болмасын отбасы тәрбиесін ұйымдастыру мәселелері ең өзекті мәселе ретінде көптеген ойшылдар мен ғалымдарды толғандырып келген.

Бүгінге дейін Шығыстың Ұлы ойшылдары Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашғари, М.Хайдари және классик педагогтар: Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци, А.Дистервег және қазақ ағартушылары: Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, кеңес

педагогтары: А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, Н.Д.Крупская және қазақ зиялылары: М.Әуезов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Көбеев және т.б. отбасы тәрбиесі мәселелерін жан-жақты қарастырып, зерттеген. Бүгінгі таңда отбасы тәрбиесі проблемаларының ғылыми негіздері Ресей ғалымдары Ю.Азаров, А.Пинт, И.Гребенников, Л.Белова және т.б. тарапынан зерттелуде. Ал, Қазақстанда Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев, Ж.Әбиев, Р.Төлеубекова, Г.Байдельдинова, Б.Айтмамбетова, С.Қоңырбаева және т.б. ғалымдар тарапынан кеңінен зерттеліп келеді. Отбасындағы тәрбие көптеген ғылым саласында (социология, педагогика, психология, экономика, демография, құқықтану және т.б.) кеңінен зерттеліп, бүгінгі қоғам талаптарына сай отбасы тәрбиесін ұйымдастыру мәселелері көпшіліктің қызығушылығын арттырып отыр [5].

Негізгі бөлім

Жоғары сынып жасөспірімдерін жалпы білім беретін мектепте отбасылық өмірге дайындау үдерісін нақтылау, эксперимент арқылы анықтау.

Қазіргі таңда қандай да ғылыми педагогикалық зерттеудің әдісін анықтау барысында, ұйымдастырылған тескеріс түрі-эксперимент қолданылады. Ғылыми жұмыстардың теориялық немесе эмпирикалық деңгейлері ортасын эксперимент әдісі арқылы байланысады. Сол себепті оның бастапқы міндеті жастарға тәрбиелеу мен білім беру, өсу тәжірибесін жаңалау негіз бола алады. Тәжірибе барысында эксперимент табиғи, немесе оқытудың күнделікті жолымен жүзеге асырылып отырады. Педагогикалық эксперименттің анықтаушы түрі зерттеу бағытының бастапқы сипатын белгілесе, қалыптастырушы түрі зерттеу нысанын қайта құру негізіне бағытталмақ.

Дегенмен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс негізінде мынадай негізгі мақсаттар орындалу қажеттілігі айқындалды:

- 1) әлеуметтік-педагогикалық экспериментті жүргізу және ұйымдастыру;
- 2) әлеуметтік-педагогикалық жоғары сынып-оқушыларына отбасы тұрғысынан сауалнама жүргізу;

3) әлеуметтік-педагогикалық бағдарламаны эксперимент арқылы тексеру;

4) эксперимент жұмысы негізінде алынған нәтижелерге талдау жасау және өңдеу.

Эксперимент кезеңін үш деңгейге бөліп қарастардық: анықтау, қалыптастыру, бақылау. Зерттелінген жұмыс негізінде осы үш эксперимент жұмыс кезеңдерін талқылай отырып, сипаттама беріледі.

Жоғары сынып жасөспірімдерін отбасы өміріне бейімдеу негізінде тәжірибелік-эксперимент базасы ретінде педагогикалық мектепті алдық. Сондағы 10 «А», 10 «Ә» сынып оқушылары алынды. Тәжірибелік-эксперимент жүргізу барысында балалармен көптеген жұмыстарды атқардық.

Балалардың болашаққа көзқарасы өте жақсы. Бақылау тобында -25 оқушы, ал эксперимент тобында -29 оқушы алынды.

Тәжірибелік-эксперимент және бақылау эксперименті жұмыстағы нәтиже экспериментке қатысатын оқушылардың санына тікелей қатысты.

Эксперимент жұмысы үш деңгейден тұрады: анықтау, қалыптастыру, бақылау. Толығырақ жұмысты зерттеу кезінде осы үш деңгейге анықтама беріледі.

Анықтау экспериментінің келесі міндеттері белгіленді:

1. Басқа құндылықтарға қарағанда оқушыларға отбасының қандай орын алатындығын анықтау;

2. Оқушылардан «отбасы» мәніне қандай түсінік беретіндігін нақтылау; тұлға үшін отбасылық өмірдің құндылықтарын қандай маңызды (дәстүрлер, бала, махаббат, қолдау) екенін контент-талдау әдісімен нақтылап қарау;

3. Жастардың отбасылық құндылықтарын айқындау.

Бұл жерде педагогикалық мектептің жоғары сынып оқушыларын отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру деңгейлерін диагностикалау мәселені тереңірек зерттеген ғалымдар әдістемелеріне сүйену баса назарға алынды:

- Зерттеу жұмысы барысында Ш. Шварцтың «Құндылық сауалнамасы» әдістемесі

алынып қарастырылды. Зерттеу негізінде басшылыққа алынатын әдістерге назар аударылып, әрқайсысына және оларды пайдалану арқылы жүргізілген жұмыстарға қысқаша сипаттама берілді. Барлық зерттеу бақылаудан бастау алады. Бақылау әдісі – оқушы туралы ақпарат алудың ең тиімді әдісі болып табылады. Бақылау диагностикалау, білім берумен қатар, тәрбиелеу, дамыту үрдісі қызметін атқарады.

Біз тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында зерттеу контекстімізге сәйкес келетін Ш. Шварцтың «Құндылық сауалнамасы» әдістемелерін қолдандық.

Анықтау экспериментінің алғашқы кезеңінде жоғары мектеп оқушыларының отбасы-адамгершілік құндылықтарын анықтау мақсатында респонденттерден (бақылау тобы – 25 оқушы, эксперимент тобы – 29 оқушы) сауалнама алынды. Сонымен оқушыларға салыстырмалы бақылау жүргізу мақсатында сауалнамалар өткізілді. Бұл зерттеуде жоғары мектеп оқушыларының отбасы - адамгершілік құндылықтарын анықтау үшін респонденттерге арнайы құрастырылып жүргізілген сауалнама негізінде зерттеу жүргізілді.

Сонымен қатар зерттеу жұмысымызға Ш. Шварцтың «Құндылық сауалнамасы» методикасын пайдаландық. Әдістемеді мынадай сұрақтар қарастырылды:

1. Оның өмірлік қағидалары ретінде қандай құндылықтар маңызды болып табылады?

2. Мен үшін қандай құндылықтардың маңызы төмен?

Бұл әдістемені жүргізуге мынадай нұсқаулық беріледі: құндылықтардың өмірлік принциптерге байланысты қаншалықты маңызды екендігін анықтау үшін мынадай жауап кілті пайдаланылады [7], яғни:

- 7-өте маңызды (өмірлік құндылықтарға басшылық жасаушы);

- 6-өте маңызды;

- 5-жеткілікті маңызды;

- 4-маңызды;

- 3-өте маңызды емес;

- 2-маңыздылығы аз;

- 1-маңызды емес;

- 0-маңызы мүлде жоқ.

Кесте 1

Ш.Шварцтың «Құндылық сауалнамасы» әдістемесі бойынша бақылау және эксперименттік топтардың анықтау экспериментіндегі көрсеткіштері (%)

№	Шкалалар атауы	Бақылау сынып 25 оқушы.	Эксперименттік сынып 29 оқушы.
1	Махаббат	5 (20%)	8 (27,6%)
2	Әлеуметтік мойындау мен әлеуметтік күш	4 (16%)	5 (17,3%)
3	Өмірдің мәні	5 (20%)	6 (20,8%)
4	Сыпайылық	4 (16%)	3 (10,3%)
5	Өзгенің пікірін құрметтеу	2 (8%)	3 (10,3%)
6	Салт-дәстүрді құрметтеу	3 (12%)	3 (10,3%)
7	Даналық	2 (8%)	1 (3,4%)

Сауалнаманың нәтижесі салыстырмалы түрде 1 - кестеде көрсетілді.

Келесі суретте көрсеткіштің салыстырмалы диаграммасы ұсынылды.

Сурет 1. Бұл жерде Ш. Шварцтың «Құндылық сауалнамасы» әдістемесі бойынша бақылау және эксперименттік топтардың анықтау экспериментіндегі көрсеткіштерінің диаграммалық бейнесі

Осындай нәтижелерден кейін келесідей тұжырым жасауға болады, мектеп оқушылары отбасылық құндылықтарды бірінші орынға қоймайтындығын айқын көрсетті. Олар үшін басқа құндылықтар басым болып табылады. Атап айтқанда, материалдық жетістіктер, жоғары білім алу, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас, махаббат жолын таңдаған бақылау тобында зерттелушілер саны 5 адамның 20 (%) пайызын құраса, ал эксперименттік топтарда зерттелушілердің 8 адамнан 27,6 (%) жоғары балды көрсетеді, яғни оқушылар үшін ең маңыздысы өзгелердің оны құрметтеуі, белгілі бір сапалары мен қасиеттеріне, қабілеттеріне, біліміне қарай, оның іс-әрекеттерін мақұлдауы маңызды болып саналады және де оқушылардың махаббатқа деген көзқарасын байқадық. Оқушылардың топтық деңгейін төмедегі 2 – кестеден көре аласыздар.

Алынған көрсеткіштер бақылау және эксперименттік топтарда оқушылардың отбасы-адамгершілік құндылықтарының әлі де

болса, жеткілікті деңгейде қалыптаспағандығын 3- кестеде көрсетеді.

Кесте 3

Анықтау эксперименті бойынша оқушылардың отбасы-адамгершілік құндылықтарының деңгейлері (%)

Деңгейі	Бақылау сынып	Эксперимент сынып
Жоғары	38%	38%
Орта	38%	38%
Төмен	25%	24,07%

Алынған зерттеу экспериментінің нәтижелері жоғары сынып оқушыларының отбасы адамгершілік құндылықтарының қалыптасуы орта кезеңде, ол неке-отбасы саласындағы білімінің жоқтығын, отбасын құндылық ретінде ұғыну түсініктерінің жеткіліксіздігін, отбасының дәстүрі, нормалары және құндылықтары болуының қажеттілігін әлі де толық түсінбеуін, отбасылық өмірге қажетті кейбір білік және дағдылары бар, бірақ отбасылық өмірдің адамгершілік-психологиялық негіздері жайлы білімі жеткілікті жете ұғынбайтынын, отбасының ұлттық және мәдени дәстүрін сақтаудың және нығайтудың қажеттілігін жете түсінгенімен, өзінің білімін өмірінде қолдана алмайтынын көрсетеді 2 - суретте дәлелденіп тұр.

Кесте 2


Бақылау және эксперименттік топтардың арнайы өлшемдер бойынша отбасы-адамгершілік құндылықтарының деңгейлері (%)

Бірліктері	Бақылау сынып			Эксперименттік сынып		
	Ж	О	Т	Ж	О	Т
Жаратылыстық (отбасын құндылық ретінде айқын түсінуі; отбасының ұлттық және мәдени дәстүрлерін сақтауы және нығайтуы; отбасымен және туыстарымен араласуы)	10 (40%)	9 (36%)	6 (24%)	12 (41,3%)	11 (37,9%)	6 (20,6%)
Зерттеу барысында іс-әрекеттік (отбасылық қатынастарды, отбасындағы кикілжіңді жағдаяттарды реттеу қабілеті, отбасылық мәселелерді шешуге белсене атсалуды)	9 (36%)	10 (40%)	6 (24%)	11 (37,9%)	12 (41,3%)	6 (20,6%)
Тәрбиелік-білімділік (отбасынеке қатынастары мәселесі жөніндегі білімді меңгеруі және толықтыруы; ерлі-зайыптылық және ата-аналық әлеуметтік рөлдерінің және жауапты ата-аналық гендерлік ұстанымының қалыптасуы; педагогикалық сауаттылығы).	9 (36%)	9 (36%)	7 (28%)	10 (34,4)	10 (34,4)	9 (31,03%)
Көрсеткіштің орташа бірлігі	38%	38%	25%	38%	38%	24,07%
Ескеретін жағдай: Ж - жоғары, О - орта, Т – төмен.						

Осыдан зерттеуімізден алынған эксперимент жұмысының ақпараттары мен олардың нәтижелерін өңдеу жоғары сынып оқушыларының отбасы-адамгершілік құндылықтарының қалыптасу деңгейінің төмендігі осы бағыттағы оқу-тәрбие жұмыстарының жеткілікті дәрежеде әлі де дұрыс бағытта жүргізілмегендігін айқындайды. Қаралған

зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша байқағанымыздай, жастардың отбасыға деген көзқарастары, отбасы - адамгершілік құндылықтар әлі де болса жеткіліксіз деңгейде толық қалыптаспаған.

Жоғарыдағы бөлімде айтылғандай, педагогикалық жоғары мектеп оқушыларының отбасы-адамгершілік құндылықтарын



Сурет 2. Анықтау эксперименті бойынша бақылау және эксперимент сыныптарындағы көрсеткіштерінің диаграммасы

қалыптастырудың бастапқы деңгейін айқындау алғашқы мектеп кезден жүзеге асырылады.

Осыған орай зерттеу контекстімізде жоғары мектеп оқушыларының отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдістемелік кешенін жасау міндет етіп алынды.

Зерттеу барысында дайындалған даярланған әдістемелік кешен болашақ педагогтарды дайындауда білім берудің формалары мен әдістерін дамытуға және оқушылардың сабақтағы және сабақтан тыс іс-әрекетін (отбасы, құндылық, отбасы – адамгершілік құндылықтар мәселесіне негізделген іс-әрекетіне қатысу, т.б.) ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Білім беру үдерісіндегі мәндік контекстің басымдылығы (өмірлік-жағдай) қағидасы тұлғалық даму үдерісіне сәйкес жекеле бағытталған, оқушының өмірлік жағдайын ескерумен жүзеге асады.

Сонымен біз өз жұмысымызды ары – қарай бақылау деңгейіне жалғастырдық. Оны төмендегі тренингтік тапсырмалар мен сабақтардан көре аласыздар.

1 - тренинг. «Өзінің болашақ отбасы жайлы түсініктері» тәрбие сағаты. Бұл біздің соңғы эксперименттік жұмысымыздың қорытындысы. Тәрбие сағатын өткізу барысында, қаншама тренингтер мен жаттығулар өтті.

Тәрбие сағатты өткізудің мақсаты: отбасы туралы жағымды елестерді дамыту.

Біз бүгінгі тәжірибемізде «Отбасылық хореография» әдісін қолдандық. Бұл әдіс нуклеарлы жанұяның қарым-қатынастарын қайта құрастыруға бағытталған; жаман ойлы мінез құлықты және де іс-әрекеттің тоқтатылуын бақылап, шиеленістерді күшейтетін мінез-құлықтық әрекеттерді көрсету қажет. Біз «Отбасылық хореографияның» тиімділігін, ол әр отбасыға ұғынықты әсіресе, сөзбен мәселені сыртқа шығара алмайтын отбасыға аса ыңғайлы. Отбасы мүшесін ортаға шығарып қолдан отбасы мүшелерін ыңғайлы формаларға тұрғызуды сұрайды және олардың қозғалыстарын түсіндіруді сұрайды. Сонымен қатар отбасымен идеалды жағдай туғызылады. Осы сахналарды ойнап болғаннан кейін, әңгімелесу басталды. Бүгінгі таңдағы

отбасының мәселесін анықтау үшін психолог әр отбасы мүшесімен қысқаша отбасылық мәселені айтып беруді сұрайды. Барлық кезде бір сұрақ қойылады:

«Осы отбасылық жағдайында болу әр отбасы мүшелерінде қандай сезімдер тудырады?» Берілген жағдаятты әртүрлі әсерлер беру үшін, өзгертуге болады. Психолог клиенттерге «Сөйлемді аяқта» деген ойынды ұсынады. Кейін психолог ойыншыларды бір-біріне қарама-қарсы отырғызып, келесі ережені оқиды: «Мен Сіздерге аяқталмаған сөйлемдердің тізімін беремін. Сөйлем аяғын сендер өздерің бітірулерің қажет. Дәл қазір сендердің ойларыңа не келеді, соның бәрін жасауға болады. Сендердерден, өтінерім, еркін болыңыздар – сіздерге не айтқыларыңыз келеді, бәрін айтуға болады. Сондықтан бір-біріңіздің жұмыстарыңызды айтпаңыздар. Тек бәрі аяқталғанға кейін, «талқылау» болады. Егер сіздерде сұрақ болмаса, бастайық».

Сөйлемдердің негізі

«Мен ашуланған кезде, мен...»

«Мен өз махабатымды ...»

«Менім батылдығым жетсе...»

«Егер мені білсе, сіз...»

«Мен жақсы көретін адамым...»

«Маған ... керек»

«Менің маңыздылығым...»

«Менің аяп отырған орным ... әкеледі»

«Менің әкем...»

«Мен жақсы көретін адам...»

«Мен үшін ең жақсы кез...» Осы әдісті ересектер және балалар үшін де қолданып, іске асыруға болады. Бұл тапсырманы орындаған оқушылар бір-бірін жақсы түсінеді. Олар жай бірін-бірі тыңдағанда отбасы ішіндегі қарым-қатынастың шынайы позитивті өзгерулерге әкеледі.

«Отбасылық кеңістік» әдісі арқылы отбасылық кеңістік қолдануға отбасындағы ішкі позицияларды өзгертуге болады. Бізден оқушылардың ата-аналарына қағаз, фломастер немесе қарындаштар беріледі. Оларға отбасын құрғанға дейінгі үйлерін салуды өтінеді. Ал осы кезде балалар оларды тыңдап, жұмыстарды байқап отырады. Егер ата-аналары жиі үйлерін ауыстыра бер-

ген болса, онда есте қалған үйлерін салуды өтінеді.

Психолог сурет салу кезінде осы жағдайға байланысты сұрақтар қойып отырады:

- Отбасы мүшелері сіздерге келгенде қай бөлмеде кездесулер өтті?
- Үйде сіздерге кіруге тыйым салынған бөлмелер болады ма?
- Сурет салу кезінде әрбір бөлме қандай ассоциациялар шақырады.
- Естеріңізге иістерді, дыбыстарды, түстерді және адамдарды түсіріңіздер.
- Сіздердің үйлеріңізде отбасылық мүшелерімен кездесу үшін арнайы бөлме болады ма?
- Үйде сіздерге ұнайтын орын барма? Берілген әдісті қолданатын нұсқаулары.
- Психолог ата-аналарды үйдің суретін салуды сұрайды, ал осы кезде оларды балалары тамашалап отырады.
- Басқа нұсқасы балаларды қазір тұрып жатқан үйдің суретін салуды сұрайды, ал ата-аналары оларды байқап отырады.
- Барлығы қосылып үйдің суретін салады.

Осы дайындалған әдістеме оқушыларды жұмыс жасауда қажет білімдермен жабдықтау, оқушылар ұжымында қолайлы психологиялық климатты және өзара қарым-қатынастарын орнату қажеттілігін ұғынуда маңызды болып табылады.

Эксперимент нәтижелерін талдау және өңдеу

Сонымен, педагогикалық мектепте тәжірибелік-эксперимент жүргізу барысында көптеген жұмыстар атқарылды. Соның ішінде 10 «А» және 10 «Ә» жоғары сынып оқушыларымен көптеген, эксперименттік жұмыстар атқарылды. Біз ақылдаса келе, екі топқа бөлдік. 10 «А» сыныбы бақылау топ- 25 оқушы, ал 10 «Ә» сыныбы эксперимент тобы- 29 оқушы болды. Басында эксперимент сыныбының оқу деңгейі орта деңгейде, ал бақылау сыныбы ол топтан едеуір алда болды. Бұл сыныптармен жұмыс жасау барысында, көптеген қиыншылықтар болды. Уақыт өте, барлығымен тіл табысып,

үйреніп кеттік. Ал, енді бастағы эксперимент нәтижелерімен соңындағы эксперимент нәтижелерін салыстыра келе, біршама өзгертулер болды. Ең алғаш балалармен сауалнама әдісін жүргіздік. Олармен бастапқыда деңгейлерін анықтау мақсатында, мына сауалнама әдісін қолдандық.

- Ш. Шварцтың «Құндылық сауалнамасы» әдістемесі;

Барлық сауалнама жауабы жақсы деңгейде өтті. Сонымен экспериментке дейінгі нәтижесі келесі 4 -кестеде бейнеленген.

Кесте 4

Бастапқы эксперимент нәтижесі

Деңгейі	Бақылау сынып	Эксперимент сынып
Жоғары	38%	38%
Орта	38%	38%
Төмен	25%	24,07%

Ал, енді эксперименттен кейінгі салыстырмалы кестені ұсынамыз. Отбасы құндылықтары бағдарлама негізінде жасалынған тренинг жұмыстарының нәтижесі.

1 - тренинг. «Өзінің болашақ отбасы жайлы түсініктері» тәрбие сағаты. Тәрбие сағатын өткізу барысында, қаншама тренингтер мен жаттығулар өтті. Тәрбие сағатты өткізудің мақсаты: отбасы туралы жағымды елестерді дамыту. Соңғы эксперимент нәтижелерінің қорытындысы. Төменгі 5 - кестеде.

Кесте 5

Соңғы тренингтің нәтижесі

Деңгей	Бақылау сынып	Эксперимент сынып
Жоғары	12 (48%)	13 (44,8%)
Орта	6 (24%)	8 (28%)
Төменгі	7 (28%)	8 (28%)

Сонымен қорытындылай келе, біздің отбасы құндылығы жөніндегі экспериментіміз өз нәтижесін берді. Бастапқы бақылау сыныбының жоғары деңгейі 10% артты. Ал, орта деңгей

Эксперименттік-тәжірибелік жұмыс нәтижесінің қорытындысы

Деңгейлер	Бақылау сынып		Эксперимент сынып	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
Жоғары	38%	48%	38%	44,8%
Орта	38%	24%	38%	28%
Төменгі	25%	28%	24,07%	28%

10% азайды, ал төменгі деңгейіміз 4% артты. Біз негізі төменгі деңгеймен жұмыс жасаған болатынбыз. Демек, біздің эксперименттік жұмысымыз дәлелденді. Бұл көрсеткіште экспериментке дейін төмен деңгей көрсеткен оқушыларды орташа деңгейге дейін көтеруге қол жеткізілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың салыстырмалы нәтижесі, 6 – кестеде.


Жұмыс барысында алынған нәтижелер нұсқаулықтары көрсеткендей, тәжірибелік топтардың екеуінде де отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы жалпы көрсеткіштері де бағдарламаны жүргізгеннен кейін әжептәуір артқан. Эксперименттік және бақылау топтары арасындағы ынтымақтастық бойынша көрсеткіштерінің өзгеруіндегі айырмашылықтың өте үлкен болғанын да атаған дұрыс. Егер бақылау топтарында бұл көрсеткіш мүлдем өзгермеген болса, эксперименттік топтарда бұл жоғары көрсеткішке ие. Солай жоғары сынып оқушыларының отбасы – адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру

жүйелі жүргізілетін ұзақ үрдіс екені анықталды. Ол оқушыларды тәрбиелеумен байланысты іс-әрекетінің ғылыми ұстанымдар жүйесіне қаншалықты негізделетініне байланысты.

Нәтижелерді талдау тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында оқушылардың отбасы-адамгершілік құндылықтарының қалыптасу деңгейінің (дүниетанымдық, іс-әрекеттік, тәрбиелік-білімділік өлшемдер) эксперименттік топтарда жоғарылағанын, соның ішінде жоғары деңгейдегі оқушылар саны артты деп көрсетеді. Бұл көрсеткіште экспериментке дейін төмен деңгей көрсеткен оқушыларды орташа деңгейге дейін көтеруге қол жеткізілді. Біз тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың салыстырмалы нәтижесін төмендегі 3-ші суретте бейнеледік.

Қорытынды

Біздің зерттелінген жұмысымыз барысында жоғарғы сынып оқушылары-



Сурет 3. Оқушылардың отбасы-адамгершілік құндылықтары қалыптастыру деңгейлерінің салыстырмалы диаграммасы

ның отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделінің құрылымындағы маңыздысы блоктар мен компоненттер, әр компоненттің мазмұнына сәйкес өлшемдерін бөліп қарастырып, оның көрсеткіш деңгейлерін эксперименттік-тәжірибе жұмысымызда дәлелдеп анықтадық.

Баланың мектептегі жетістігі, өз бетінше шешім қабылдай алатын әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеу - адамның өмірдегі жетістігінің кепілі. Кез-келген бала дарынды, кез-келген бала - бұл бүкіл әлем, тек уақытында байқап, балаға оның даралығы мен жеке

қасиеттеріне негізделген талантын ашуға көмектесу керек.

Әлеуметтік педагогтың қызметі әлеуметтену барысында әр түрлі мәселелер туындайтын балалармен өзара әрекеттесуді көздейді. Мұндай балалармен қарым-қатынас жасау үшін ерекше әдептілік пен кәсіби шеберлік қажет. Сондықтан, біз өз қызметіміздің соңын шығыс даналығының сөздерінен көрдік: «Табандылық пен шыдамдылық – қарама-қайшылықтардың бірлігінде - бұл сәттіліктің екі бірдей картасы». Бұл қасиеттер әлеуметтік және білім беру қызметінде жетістікке жетуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Вергизова Е.В. Модель формирования семейных ценностей у детей и подростков. Учебно-методическое пособие. / Под ред. Е. В. Вергизовой, Т. С. Воробейкова, О.В. Эрлих. - СПб.: Свое издательство, 2014.
2. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану. Отбасы және неке әлеуметтануы. – Алматы, 2004.
3. Сқақова А.Ж. Отбасы жас ұрпақты әлеуметтендіру институты ретінде. Автореферат. –Астана, 2010.
4. Сухомлинский В.А. Цит. по книге: Тимошенко Л.Н. Воспитание старшекласниці. - М.: Просвещение, 1990.
5. Хмель Н.Д., Хайруллин Г.Т., Муқанова Б.И. Педагогика. - Алматы, 2005.

А.Ш. Муталиева, А.Е. Ботабаева, Г.У. Сейдали

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Социальные педагогические ценности в подготовке студентов к будущей семейной жизни

Аннотация. Сегодня семья - единственный институт, который прививает детям социальные ценности и роли, несмотря на многие трудности по сравнению с другими институтами общества.

Поэтому мы считаем очень важным подготовить старшекласников к семейной жизни, и все мы знаем, что выбирать эту тему необходимо. Семья занимала большинство систем социализации с самых ранних времен истории человечества. Социализация ребенка - сложный процесс. Социальные институты в своей социализации широко используют методы и приемы социализации детей, а также механизмы воздействия на их психику и сознание. Например, на ранних этапах социализации на ребенка влияют другие - убеждение, подражание, имитация, воспитание, обучение, требования, мотивация, поощрение, наказание и т. д. Поскольку дети зачастую воспитываются на основе положительных примеров, используется много механизмов. В частности, вовлечение ребенка в работу, развитие культуры общения, развитие самопознания играют ключевую роль в социализации детей.

В то же время способы приобретения детьми социального опыта, передовых методов и ценностей различаются в зависимости от их возраста. Объяснять старшекласникам важность семьи и направлять их в правильном направлении - важный фактор.

Ключевые слова: старшекласник, семья, институт, брак, общество, подрастающее поколение, социальные ценности, школа.

A.Sh. Mutaliev, A.E. Botabayeva, G.U. Seidali
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Social values educandi alumni parere in posterum in familia vitam

Abstract. Today, the family is the only institution that instills social values and roles in children, despite many difficulties compared to other institutions in society.

Therefore, we consider it very important to prepare high school students for family life, and we all know that it is necessary to choose this topic. The family has occupied most of the socialization systems since the earliest times of human history. The socialization of a child is a complex process. Social institutions widely use methods and techniques of socialization of children, as well as mechanisms of influence on their psyche and consciousness. For example, in the early stages of socialization, the child is influenced by others - persuasion, imitation, upbringing, teaching, demands, motivation, encouragement, punishment, etc. Many mechanisms are used as children grow up with a positive example. In particular, the child's involvement in work, the development of a culture of communication, the development of self-knowledge play a key role in the socialization of children.

However, the way children acquire social experience, best practices, and values differ according to their age.

Explaining to high school students the importance of the family and guiding them in the right direction is an important factor.

Keywords: high school student, family, institute, marriage, society, the younger generation, social values, school.

References

1. Vergizova E.V. Model' formirovaniya cemejnyh cennostej u detej i podroctkov [Model of formation of family values in children and adolescents]. Educational and methodical manual. Ed. E. V. Vergizova, T. S. Vorobeikova, O.V. Erlich (Svoje izdatel'stvo, St. Petersburg, 2014).
2. Absattarov R., Dakenov M. Aleumettanu. Otbası zhane neke aleumettanuy [Sociology. Sociology of family and marriage] (Almaty, 2004).
3. Skakova A. Zh. Otbası zhas urpakty aleumettendiru instituty retinde [Family as an institution of socialization of youth] (Astana, 2010).
4. Sukhomlinsky V.A. Cit. po knige: Timoshhenko J.I.H. Vospitanie starsheklassnic [Quote from the book: Timoshchenko L.N. Education of high school girls] (Prosveshhenie, Moscow, 1990).
5. Khmel N.D., Khairullin G.T., Mukanova B.I. Pedagogika [Pedagogy] (Almaty, 1990).

Авторлар туралы мәлімет:

Муталиева А.Ш. – **корреспонденция үшін автор**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ботабаева А.Е. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Сейдәлі Г.У. – 7М01802 - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 1 курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Mutaliev A.Sh. – **Corresponding author**, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Botabayeva A.E. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Seidali G.U. – The 1st year master's student in «Social Pedagogy and Self-Knowledge», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.